

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 шілде N 807

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны оған Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Қазақ жарылыс жұмыстары мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақ жарылыс жұмыстары мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құруға рұқсат берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1105 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі